



БҰЙРЫҚТАН КӨШІРМЕ

Тамды ауылы

№ 01-07-44

16.05.2024 жыл

*2023-2024 оқу жылын аяқтау және  
білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан  
өткізу мерзімдерін бекіту туралы*

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 14) тармақшасына сәйкес, меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылын ұйымдасқан түрде аяқтау мақсатында, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125, 2023 жылғы 4 қазандағы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің №304 бұйрықтарының (бұдан әрі-Бұйрық) талаптарына сәйкес «Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 15.05.2024 жылғы №212 бұйрығы негізінде «Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Тамды орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2023-2024 оқу жылын аяқтау және білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін бекіту мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан оқу сабақтары 2024 жылғы 24 мамырда аяқталсын;
  - 1) 9-сыныптарда білім алушыларының қорытынды бітіру емтихандары 2024 жылғы **29 мамыр-11 маусым** аралығында өткізілсін;
  - 2) 11-сыныптарда білім алушыларының мемлекеттік бітіру емтихандары 2024 жылғы **28 мамыр-11 маусым** аралығында өткізілсін;
2. **Қорытынды аттестаттау бекітілген мерзімдерге сәйкес уақтылы өткізілсін:**
  - 9-сынып оқушылары үшін санитарлық талаптарды сақтай отырып:
    - 1) қазақ/орыс тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектептер үшін-жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) – **2024 жылғы 29 мамыр;**
    - 2) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) – **2024 жылғы 3 маусым;**
    - 3) орыс тілдерінде оқытатын сыныптардағы қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) және қазақ тілінде оқытатын сыныптардағы орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) – **2024 жылғы 6 маусым;**
    - 4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын), информатика бойынша жазбаша емтихан – **2024 жылғы 10 маусым;**
- 11-сынып оқушылары үшін санитарлық талаптарды сақтай отырып:
  - 1) қазақ/орыс тілі бойынша жазбаша емтихан – **2024 жылғы 28 мамыр;**
  - 2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан – **2024 жылғы 31 мамыр;**
  - 3) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан – **2024 жылғы 4 маусым;**



- 4) орыс тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда қазақ тілі және әдебиетінен қазақ тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда орыс тілі және әдебиетінен жазбаша емтихан – **2024 жылғы 7 маусым**;
- 5) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын), информатика бойынша жазбаша емтихан – **2024 жылғы 11 маусым**;
3. Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125, 2023 жылғы 4 қазандағы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің №304 бұйрықтарының талаптарын қатаң сақтай отырып, 2023-2024 оқу жылын аяқтау қамтамасыз етілсін.
  - 3.2. Білім беру ұйымдарында 24 мамыр күні «Білімім Отаныма» атты 1-11 сыныптар бойынша бірыңғай тәрбие сағаттарын және 9, 11 кластар үшін «Мен, Мектеп, Ұстаз» атты эссе жазу сағаттары ұйымдастырылсын.
  - 3.3. 2024 жылдың 12-15 маусым күндері негізгі, жалпы орта білім туралы аттестат табыстау шараларын міндетті түрде мектеп қабырғасында өткізу, әр білім алушылардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету қатаң бақылауға алынсын.
  - 3.4. Мектепке дейінгі, жалпы орта білім беру ұйымдарында ата-аналардан қаражат жинамау мәселесі қатаң бақылауға алынсын.
  - 3.5. Қазақ тілі бойынша емтихан 125-бұйрықтың 35-тармағына сәйкес білім алушылардың бағдарламалар мазмұнын меңгеруін бағалау мақсатында негізгі орта (5-8 сыныптар), жалпы орта (10 сынып) деңгейінде академиялық жыл аяқталған кезде оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарды «Қазақ тілі» және оқыту өзге тілде жүргізілетін сыныптарды «Қазақ тілі» және оқыту өзге тілде жүргізілетін сыныптарда «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндері бойынша МЖМБС-қа (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) сәйкес жазбаша нысанда өткізілсін.
  - 3.6. Емтиханды өткізу уақыты білім беру ұйымдарының педагогикалық кеңесімен айқындалсын. (27-31 мамыр аралығында 9,11 сынып оқушыларын қорытында аттестаттау уақытынан басқа уақытта өткізілсін).
4. Ұлттық білім беру деректер қоры мәліметтері мен «BilimClass» жүйесінің уақытылы, сапалы қойылуы қадағалансын.
5. Орта білім беру ұйымдарының 9-сынып білім алушылары үшін емтихан тапсырмаларын 2024 жылғы 24 мамырға дейін жеткізуді қамтамасыз етілсін.
  - 5.1. Жалпы орта білім туралы «Алтын белгі» аттестатын алуға үміткерлердің оқу пәндерінен емтихан тапсыру барысын қадағалау, жазбаша емтихан жұмыстарын қарау шаралары ұйымдастырылсын.
  - 5.2. «Алтын белгі» аттестатын алуға үміткерлердің оқу пәндерінен жазбаша емтихан жұмыстарын білім беру бөліміне және білім басқармасына жедел жеткізу ұйымдастырылсын.
6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары К.М. Утегеноваға жүктелсін.

«Ақтөбе облысының білім басқармасы  
Алға ауданының білім бөлімі» ММ-нің  
«Тамды орта мектебі» КММ директоры:

Л.Садуақасова

